

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2021 жылғы 31 наурызда жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Е.Л. Тоғжановқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, еліміздегі археологиялық ескерткіштердің жай-күйі мен сақталуы әлі де дабыл қағарлық жағдайда. Тарихи-мәдени мұра объектілері табиғи әсер ету нәтижесінде тікелей жойылудан басқа, адам іс-әрекетіне байланысты антропогендік жүктемелердің жоғары қысымына ұшырауда.

Жуырда Алматы маңында болған, құм мен қиыршықтас қоспасын шығаруға арналған ауыр жер қазу техникасы археологиялық орынды жойып жібере жаздау жағдайы бұған айқын мысал. Археологтардың мәліметтері бойынша, бұл нысандар біздің дәуірімізге дейінгі VII – IV ғасырлармен даталанған сақ қорғандарына жатады, олар қазіргі уақытқа дейін жан-жақты зерттелмеген. Ал осындай қорымдардың бірінен кезінде біздің ұлттық символымызға айналған Есік «Алтын адамы» табылғаны баршаға белгілі.

Алматы қаласының әкімдігі аталған қорғандар орналасқан аумақта арнайы аймақ орнатты, бірақ соған қарамастан қорымдардың өздері тиісті түрде күзетілмеді. Әлеуметтік желілерде кең көлемде ақпарат таратқан жанашыр азаматтардың арқасында жер қазу жұмыстарын тоқтату, сәйкесінше тарихи нысандардың жойылуына жол бермеу мүмкін болды. Жасалған заң бұзушылық үшін тек жұмысты жүзеге асырған экскаватор жүргізушісі ғана жауап берді, ал тапсырыс берушілерді (жосықсыз кәсіпкерлерді) жазалау туралы ақпарат жоқ.

Бұл қорымдар үлкен шаһарға жақын орналасқандықтан ғана аман қалды. Ал осындай нысандардың қаншасы жұртшылықтың қол жетімділігінен тыс! Мұндай археологиялық ескерткіштер мемлекет тарапынан тиісті көңіл бөлінбегендіктен қираған немесе тоналған жағдайлар аз емес.

Бұл мәселені шешудің бір амалы - археологиялық ескерткіштер орналасқан жерлерді қолданыстағы жер және сәулет дерекқорларына енгізу. Осылайша, олардың заңсыз қол сұғушылықтардан қосымша қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Өзіңізге белгілі, 2019 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары: тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, пайдалануды және олардың жай-күйін мониторингтеуді; жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін есепке алуды, сақтауды, зерделеуді, оларға ғылыми-реставрациялық және археологиялық жұмыстарды жүргізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды; қала құрылысы жобаларын әзірлеу және бекіту кезінде барлық санаттағы тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шараларды орындауды, тиісті жергілікті жердің тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-схемаларын жасауды; тиісті елді мекендердің бас жоспарларына тарихи-сәулет тірек жоспарларын енгізу жөніндегі жұмысты және өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Еліміздегі 11 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіштердің, тек 250-інің ғана республикалық мәртебесі бар. Осылайша, барлық санаттағы тарихи-мәдени ескерткіштерінің басым бөлігі жергілікті атқарушы органдардың қарауында. Демек, осы билік тарапы олардың сақталуын және пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

Алайда, жергілікті бюджеттерден қаражаттың жеткіліксіз бөлінуіне байланысты мәдени-тарихи ескерткіштердің қорғау аймақтарын, реттелетін құрылыс салу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын белгілеу жөніндегі заңнама талаптары толық көлемде орындалмайды.

Бұдан басқа, жүйесіз далалық археологиялық қазба жұмыстарының салдарынан мәдени-тарихи ескерткіштерін қирату және жою жағдайлары жалғасуда. Бұның себебі жергілікті маңызы бар археологиялық ескерткіштерді қазу кезіндегі барлық өкілеттіктер уәкілетті орган – Мәдениет және спорт министрлігінің құзыретінде болуы. Соның салдарынан жекелеген заңды тұлғалар жергілікті маңызы бар археологиялық ескерткіштердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде жергілікті атқарушы органдарды хабардар етпейді және ғылыми қорытынды есептер бермейді. Осыған байланысты жергілікті билікке қазба жұмыстарының уақыты мен әдістемесі, табылған экспонаттардың саны белгісіз. Жергілікті әкімшіліктің өкілдері көбінесе жергілікті маңызы бар мәдени-тарихи ескерткіштердің мемлекеттік тізіміндегі ескерткіштерді жою жағдайлары туралы хабардар болмай қалады.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Ата-бабаларымыздың ежелгі жеріндегі археологиялық ескерткіштер мемлекет тарапынан шұғыл қорғауды қажет ететіндіктен және біздің мемлекетіміздің тарихы мен мәдениеті мәселелері қазіргі және болашақ ұрпақ үшін маңызды болғандықтан, жергілікті атқару органдарының тарихи-мәдени ескерткіштерге қамқорлық жасауы туралы кешенді мәлімет жинатуды және біздің депутаттық сауалымызда көтерілген мәселелерді қарастыруды сұраймыз.

Қабылданған шаралар туралы заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша түрде хабарлауыңызды күтеміз.

Құрметпен,

**Парламент Мәжілісіне Қазақстан халқы
Ассамблеясынан сайланған депутаттар**

**В. Тохтасунов
С. Абдрахманов
А. Амирханян
И. Буларов
Н. Дементьева
Ю. Ли
В. Набиев
Ш. Осин
А. Хамедов**

**Парламент Мәжілісіндегі
«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаттары**

**Ә. Әбсеметова
Д. Әлімбаев
М. Тәжмағамбетова
Ж. Телпекбаева**

орын. А.Т. Құлмағамбетов
т.74-62-43
e-mail: Kulmagambetov@parlam.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

оглашен 31 марта 2021 года

**Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
Тугжанову Е.Л.**

Депутатский запрос

Уважаемый Ералы Лукпанович!

Несмотря на принимаемые меры, состояние и сохранность археологических памятников у нас в стране все еще вызывают тревогу. Дело в том, что объекты историко-культурного наследия помимо непосредственного разрушения в результате природных воздействий подвергаются высокому прессу антропогенных нагрузок, связанных с человеческой деятельностью.

Наглядным примером является случай, недавно произошедший под Алматы, когда тяжелая землеройная техника с целью извлечения песчано-гравийной смеси чуть не разрушила археологический объект. По сведениям археологов, данные объекты относятся к сакским курганам, датируемым VII – IV веками до нашей эры, которые до настоящего времени не исследованы. А ведь в одном из таких могильников в свое время был найден Иссыкский «Золотой человек», ставший нашим национальным символом.

Акиматом города Алматы на территории, на которой расположены указанные курганы, установлена специальная зона, но несмотря на это сами могильники должным образом не охранялись. Остановить же землеройные работы, соответственно предотвратить разрушение исторических объектов удалось благодаря бдительным гражданам, которые обширно распространили информацию в социальных сетях. Ответственность за допущенное нарушение понес только водитель экскаватора, осуществлявший работы, а о наказании заказчиков (недобросовестных предпринимателей) – сведений нет.

Данные захоронения остались невредимыми только из-за того, что расположены на окраине мегаполиса. А сколько таких объектов находятся вне доступности общественности! Немало случаев, когда такие археологические памятники были разрушены или разграблены из-за отсутствия должного внимания к ним со стороны государства.

Одним из путей решения данной проблемы видится включение мест, где расположены археологические памятники, в имеющиеся земельную и архитектурную базы данных. Тем самым возможно обеспечить их дополнительную сохранность от незаконных посягательств.

Как Вам известно, Законом Республики Казахстан «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия» от 26 декабря 2019 года предусматривается, что местные исполнительные органы областей, городов республиканского значения, столицы обязаны обеспечить меры по выявлению, учету, сохранению, изучению, использованию и мониторингу состояния объектов историко-культурного наследия; по организации учета, сохранения, изучения, научно-реставрационных работ на памятниках истории и культуры местного значения и археологических работ в планах экономического и социального развития соответствующих территорий; по согласованию с уполномоченным органом при разработке и утверждении градостроительных проектов выполнение мероприятий по выявлению, изучению, сохранению памятников истории и культуры всех категорий, составление историко-архитектурных опорных планов и карт-схем соответствующей местности; проведение работы по внесению в генеральные планы соответствующих населенных пунктов историко-архитектурных опорных планов и ряд других полномочий.

По стране насчитывается более 11 тысяч памятников историко-культурного наследия, и только 250 из них – республиканского значения. Как видно большая часть памятников истории и культуры всех категорий находится в ведении местных исполнительных органов, соответственно ими должны обеспечиваться сохранность и контроль за их использованием.

Однако, по причине недостаточного выделения средств из местных бюджетов не в полной мере выполняются требования законодательства по установлению охранных зон, зон регулируемой застройки и зон охраняемого природного ландшафта памятников истории культуры.

Кроме того, по утверждению очевидцев, продолжают иметь место случаи разрушения и уничтожения памятников истории и культуры вследствие бессистемных полевых археологических раскопок. Это происходит потому что все полномочия при проведении раскопок археологических памятников местного значения находятся в компетенции уполномоченного органа – Министерства культуры и спорта. Вследствие чего отдельные юридические лица при проведении научно-исследовательских работ археологических памятников местного значения не информируют местные исполнительные органы и не предоставляют научные заключительные отчеты. В связи с этим местным властям не известны

протяженность по времени и методики проведения раскопок, количество найденных экспонатов. Представители местной администрации зачастую остаются не уведомленными о случаях уничтожения памятников, находящихся в государственном списке памятников истории культуры местного значения.

Уважаемый Ералы Лукпанович! Поскольку археологические памятники на древней земле предков как никогда нуждаются в неотложной защите со стороны государства и вопросы истории и культуры нашего государства важны для нынешних и будущих поколений, просим предоставить обширную информацию о мерах принимаемых местных исполнительных органов по сохранению историко-культурных памятников, а также рассмотреть вопросы, поднятые в нашем депутатском запросе.

О принятых мерах просим Вас сообщить в письменной форме в установленный законодательством срок.

С уважением,

**Депутаты Мажилиса Парламента
от Ассамблеи народа Казахстана**

**В. Тохтасунов
С. Абдрахманов
А. Амирханян
И. Буларов
Н. Дементьева
Ю. Ли
В. Набиев
Ш. Осин
А. Хамедов**

**Депутаты Мажилиса Парламента
от фракции партии «Nur Otan»**

**А. Абсеметова
Д. Алимбаев
М. Тажмагамбетова
Ж. Телпекбаева**